Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының №5 хаттамасы

Мерей ауылы **18 қыркүйек 2025 жыл**

Төрағасы: Е. Кучербаев
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 57 адам
Жүргізеді:
Мерей ауылының жергілікті қауымдастық төрағасы – Е. Кучербаев

Бүгінгі жиналысқа жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 57 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

«Тапай» және «1-Жаңатаң» бөгетін тереңдету бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 57 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Магзомов:**

- 2025 жылға «Тапай» және «1-Жаңатаң» бөгетін тереңдету бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарда тұр. Мерей халқының ұсынысымен, тәжіребиесі мол жергілікті «Нұр Көлік» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. Мерей ауылының бақташысы Е.Габдрахманов:

- Соңғы 3 жылда “Тапай” және “1-Жаңатаң” бөгетіне су тұрмай жүр. Себебі өте тайыз. Бір метрге тереңдетуді сұраймын. Осында Тоғайлыға қатынас жолын жасап жатырған техникасы мол “Нұр Көлік” жеке

Scanned with CamScanner

кәсіпкері ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда жасап кетсе дұрыс болар еді.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:
Мерей ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:
Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.
«Нұр Көлік» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Дауысқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 57 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Мерей ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **Е. Кучербаев**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**

Scanned with CamScanner